

Қордай

Кордайский
МАЯК

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ШАМШЫРАҒЫ

СӘРСЕНБІ 24 ҚАЗАН 2018 ЖЫЛ №83 (2735)

ЕЛБАСЫ

НҮРСҮЛТАН НАЗАРБАЕВ РЕСЕЙ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшылары бейресми кездесу барысында елдер арасындағы, соның ішінде сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, басқосуда Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Өзбекстан Республикасының ТМД және басқа да халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ, тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі негізгі аспектілер жөнінде пікір алмасты.

Ақорда



КЕЗДЕСУ

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖАЙЫНДА

Бейсенбі күні Жамбыл облысындағы «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі күні» акциясы аясында ауданымызға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің басқарма басшысы Айнұр Абдырахманова, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар

жұмыссыз жүрген отбасы мүшелері мемлекет есебінен оқуға жіберіледі, жастар тәжірибесіне, әлеуметтік жұмыс орындарына және қоғамдық жұмыстарға орналастырылады. Сондай-ақ, жеке ісін ашуға немесе бизнесін кеңейтуге микро несиесі беріледі. Айта кетсек, жиынға әлеуметтік көмек алушы отбасылар қатысып, Айнұр Абдырахманова оларға «Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек» жайында толыққанды ақпарат берді. Сондай-ақ, ол еліміздегі

2021 жылдарға арналған» бағдарламасы да назардан тыс қалмайтынына Сәкен Арубаев тоқталып өтті. Аталмыш бағдарлама бойынша ауданда қарқынды жұмыс оң нәтижесін беруде. Осы ретте Степной ауылының тұрғыны Нүргүл Қызырова аталмыш әлеуметтік көмек арқылы беріліп жатқан жәрдемақыға үш баласымен күн көріп жатқанын айтып, бұл бастамаға алғысын білдірді.

Сонымен қатар, Сәкен Арубаев

ЖОЛДАУ ІЗІМЕН

ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕ!

Елбасының Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауы осыдан 21 жыл бұрын, яғни 1997 жылдың 16 қазанында жарияланған болатын. Сол кезден бері тәуелсіз мемлекетіміз бой түзеп, дамудың даңғыл жолына түсті. Егер Президенттің алғашқы Жолдауында қиын-қыстау кезеңдерді өңсеру, түрлі сын-қатерлерге төтеп беру, болашақтың үміт отын үкілеу мәселесі басты мәселе ретінде айтылса, биылғы Жолдаудағы мақсат мүлдем өзгеше. Қос онжылдықта заман ағымына ілесе қарқынды дамып, экономикасы озық елдермен иық тірестірген қазіргі Қазақстанның жеткен жетістігі орасан. Елбасының өз сөзінде: «Біз тәуелсіздік жылдары кеп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына және оның аймақтағы геосаяси рөлінің күшеюіне қол жеткіздік. Біз өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын жауапты әрі қалаулы халықаралық серіктес ретінде танылды», деп баса айтуы бекер емес.

МЕН ҚАЛАҒАН МАМАНДЫҚ

«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, әрбір тұлға – жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу, мен қалаған мамандықтың ғажайып тылсым сыры. Бұл қандай мамандық? Болашақта қандай мамандықты таңдасам? Осы сұрақ өмірге келіп, сана сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Бір кездері мен де осы сұрақтың жетегінде көп ойланып, толғанып, қиялдап, өзім қалайтын өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы сұраққа жауап та таптым. Ол әлем – журналистика әлемі. Мен биыл мектеп бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ-Америка университетіне түсіп, алғашқы қадамымды жасадым. Журналистика мамандығын таңдаған себебім, ҚР атақты журналисті болып, халқыма адал қызмет жасағым келеді. Қандай мамандық таңдасам да сол мамандық саласында жұмыс жасау, сол мамандыққа берер үлесім.

Иә, журналистика мамандығы өте ауыр салалардың бірі болып саналады. Бірақ та, өмірдің бәрі қиындықтан тұрады емес пе? Ең бастысы, сол қиындықты жеңе білу. Жақсы журналист болу үшін не қажет? Ең алдымен терең білім, еңбек, дәлдік, ұқыптылық, бастамашылдық, қойған мақсатына жетуге деген өз күшіне сенімділік. Бұл қасиеттер кез келген мамандық иесіне тән емес пе? Әрине, солай. Ал журналистика мамандығы бұдан да зор қасиеттерді талап ететінін білім алу барысында сезініп, білудемін. Ең маңызды қасиет ол мәселені шығармашылықпен шешетін терең интуицияның болуы. Журналистика мамандығы төзімділікті қажет етеді және батылдық, өжеттілік, адамгершілік, жүйке жүйесінің қандай жағдай болса да төзуі, ең бастысы ешқашанда қателік жібермеуді, құлақпен естігенді жазбай, көзбен көргенді жазу журналистер өз өмірін қауіпті өмірге қадам басуы. Көп журналистер шындықты жазғаны үшін әр түрлі жағдайларды басынан өткізіп жатады. Ал кейбіреулері өтірік жазғандары үшін сотталып жатады. Қазақстан Республикасында журналистика мамандығы гүлденіп келе жатқан мамандық болып табылады. Елге енгізер жаңалықтары өте көп. Шет елдерде әлеуметтік қызметкерлер өте жоғары статусқа ие және мүмкіндіктері мен қызмет түрінің көптүрлілігімен ерекшеленеді.

Ж.Аймауытов айтқандай, мамандықтың жаманы жоқ, бірік мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе десек, Абай атамыз айтқандай «Болмасаң да ұқсап бақ, бар ғаламды сүйсеңіз», дегендей, алға ұмтылып, арманымызға жетіп, мамандық иесі болайық.

Еңбек етсем, ертеңгі – бақытыма сенемін,

Мақсатыма жеткізер – уақытыма сенемін.

Достық іспен қасты да – жеңеріме сенемін.

Ақыл сана, біліммен – өнеріме сенемін.

Егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болу өз қолымызда екені даусыз.

Гүлім НҰРЛАНҚҰЛ,

Қазақ-Америка университетінің I курс студенті.